



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**АЗАМАТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ  
ОНЫҢ ОТАНДЫҚ БАҚ-ТАҒЫ КӨРІНІСІ****Тоқтарбай Бейбіт***b.bek.2006@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика

мамандығының 1 курс докторанты

Ғылыми жетекшісі – Н.О.Омашев

Қазіргі журналистика төңірегінде көптеген жаңа атаулар мен заманауи ұғымдар шоғырланған. Бұл жаңалықтар БАҚ-тың сыртқы пішініне ғана емес ішкі мазмұнына да белгілі мөлшерде әсерін тигізіп отырғаны даусыз. Жаңа медиа, әлеуметтік желі, блог, азаматтық журналистика атаулары соңғы оншақты жылдың көлемінде журналистика саласының маңынан табылып жүр. Бұл жаңалықтардың көбісі – ақпарат кеңістігінде интернеттің пайда болуымен қатар туындаған ұғымдар. Интернеттің түп төркіні батыс елдері болғандықтан журналистиканың заманауи бағыттары мен жаңа атаулардың көбі бізге ағылшын тілінен енді.

Біз бұл жолғы мақалада журналистикадағы жаңа ұғымдардың ішінен «азаматтық журналистика» тақырыбына тоқталмақпыз. Сонымен «азаматтық журналистика» деген не? Интернеттегі ашық энциклопедия деп дәріптелетін «wikipedia» мәліметіне сүйенсек, төмендегідей анықтама береді. «Азаматтық журналистика БАҚ арқылы ақпарат тарату процесін үздіксіз қарқынды етуге көмектеседі. Журналистиканың бұқара ортасына жетіп, онымен тығыз жұмыс істеуіне мүмкіндік тудырады. Сонымен қатар азаматтардың өз проблемаларына көзқарасын анықтайтын, мәселені шешудің оңтайлы жолдарын бірігіп іздестіретін тиімді фоктар» [1]. Бір ескеретін мәселе біз дереккөз ретінде пайдаланып отырған wikipedia жүйесінің өзі – азаматтық журналистиканың нағыз жемісі. Себебі бұл ресурс азаматтардың бастамашылдығымен, белсенділігімен және олардың еңбек күшімен толықтырылып отыр. Бұл жердегі материалдар тұтастай дерлік әртүрлі авторлар мен белсенділердің еңбектері. Ал оның азаматтық журналистикаға қатыстылығын төмендегі мысалдардан айқын аңғара аласыз.

«Лос-Анжелес таймс» газетінің Вашингтондағы бюросының жетекшісі Жак Нельсон «Азаматтық журналистика дегеніміз – қоғамдағы күрделі мәселелерді шешуге қатардағы азаматтарды қатыстыруға әрекеттену» деп тұжырымдайды [2]. Ал Миннесота штатындағы қоғамдық телевизияның атқарушы директоры Билл Ханлэйдің пайымынша азаматтық журналистика «белгілі мәселеге түсіністікпен қарап, оның шешімін табу жолдарын азаматтар мен журналистердің бірлесіп іздестіруі» дейді [3]. Дәстүрлі БАҚ-тың өкілі Жак Нельсон мен қоғамдық телеарна жетекшісі Билл Ханлэйдтің пікірін тарқатып көрейік. Дәл осы жеке азаматтар мен дәстүрлі БАҚ-тың бірігіп өнім өндіруі жайлы бірнеше мысал келтіре кетейік. «Солтүстік Каролина штатының Гринсборо қаласында ғасырдан аса уақыт бойы шығып келе жатқан «Ньюс энд рекорд» газеті 2005 жылы «Қала алаңы» форумын ашып, тұрғындарға газет мақаласын әзірлеуге тікелей қатысуға мүмкіндік беретін жаңа модель енгізді» [4]. Бұл газет ұжымының қызметкерлері интернетте блогтар ашып, оқырмандарымен еркін сұхбатқа барған. Кейбір салада оқырмандар арасындағы мамандар пікірі мен ұсыныстарына басымдық беріп отырған. Сонымен қатар бұл тың тәсіл азаматтардың өзіндік көзқарасын еркін жеткізуіне мүмкіндік берген әрі аудиторияның белсенді араласуына қозғаушы қадам болған. Оқырмандардың хаттарымен жұмыс істеу, олардың пікірін баспасөзде жариялау біздің елде де болғанымен редакцияның ішкі жұмысын ашып көрсету, материал даярлаудың қыр-сырын түгелдей оқырманмен бөлісу біздің редакцияларда дәстүрге енген жоқ.

Азаматтар мен дәстүрлі БАҚ өкілдерінің бірлесе жұмыс істеп, бірігіп өнім өндіруі жайлы тағы бір мысал келтіре кетейік. Американдық газет шығарушы ірі корпорация Gannett 2006 жылы азаматтық журналистиканы интернетте пайдалану үшін құрылады. Олар

краудсорсинг тәсілін қолданды. Яғни редактор немесе журналистер өздеріне азаматтардан келіп түскен ақпараттарды интернет жүйесі арқылы қайта таратып отырған. Олар өз жобасын «Маған зерттеуге көмектесіңіз» деп атайды. «Ең маңыздысы «Маған зерттеуге көмектесіңіз» жобасы жаңалықтарды жинауда ең үлкен жоба болды және журналистер зерттеуді азаматтармен бірлесе жүргізді» [5].

Шетелдік кәсіби журналистердің пікірі мен олардағы дәстүрлі БАҚ-тың азаматтық журналистикаға қатысты мысалына жүгінсек, мұндай оқиғаларды отандық БАҚ төңірегінен табу да қиын емес. Демек азаматтық журналистика біздің елде де қанат жайып жатқандығы рас. Жоғарыдағы мамандар пікірі мен дәстүрлі БАҚ-тың мысалынан шығар қорытынды, азаматтық журналистика дегеніміз – қандай да бір өзекті мәселені журналистер мен азаматтардың бірлесе шешуі. Ол үшін дәстүрлі медиа азаматтарға белгілі деңгейді алаң мен уақыт береді. Нәтижесінде қоғамдағы күрделі істің түйінін тарқатуға мүмкіндік туады. Жаңа медианың Қазақстанда қалыптасуына үлес қосып жүрген мамандардың бірі Мейрамхан Жәпек азаматтық журналистика жайлы былай деп пікір білдіреді. «Сонымен, әуелде азаматтық журналистика дегенді біз журналистер мен оқырман, тыңдарман, көрермен көмегімен пайда болған туынды немесе журналистердің оқырманмен санасып, оларды толғандыратын мәселелердің мәнісін ашу деп түсіндік. Бүгінде азаматтық журналистикаға кез-келген адам дәстүрлі БАҚ-тан тәуелсіз өз үлесін қоса алады, әрі журналист үшін альтернативті ақпарат көзіне айналып жаңа медиа миханизмінің элементі қажетті бөлшегі ретінде қызмет атқара алатынын көріп отырмыз. Бұған, біріншіден, үздіксіз ақпарат толқыны мен жаңа технологиялардың дамуы себепкер болды» [6].

Азаматтық журналистика деген не?

Сонымен азаматтық журналистиканың отандық БАҚ-тағы үлесі қандай? Қарапайым халық үшін араласып кетуі қиындау телевидения саласынан мысалдар келтірейік. Күні бойы ақпарат тарататын «Хабар 24» телеарнасында «Блогерлер» деп аталатын шығарылым бар. «Блогерлер» толықтай дерлік қазақстандық блогшылар мен әлеуметтік желі белсенділерінің жазбасына шолу жасаудан тұрады. Бағдарлама жүргізушісі хабардың әр шығарылымы барысында ең өзекті болып, көбірек талқыланған тақырыптарға қатысты пікірлерді сұрыптап, ішіндегі құны маңыздысынан үзінділер келтіреді. Бұл бағдарламаға әлеуметтік желіде белсенді жұмыс істейтін кез-келген азаматтың пікірі шығуға толық негіз бар. Дәл осындай форматтағы бағдарламалар «Астана», «Еуразия 1» арнасы қатарлы тағы бірнеше телеарналарда болды.

Жоғарыда аталған «Блогерлер» сияқты бағдарламалар блогерлердің жазбалары негізінде жасалған болса, кейбір арналар видео материалдарына да назар аударды. 100 пайыз мемлекеттік тілде хабар тарататын «Қазақстан» ұлттық арнасы «Елден хабар» деген жаңа бағдарлама ашты. Бұл бағдарламаның электронды адресіне азаматтар өзінің әуесқойлығымен түсірген жеке видеосын жолдай алады. Мәселен орталықтан шалғайдағы ауыл халқының маңызды мәселесін осы бағдарлама арқылы билікке немесе күллі көрерменге көрсетуге толық мүмкіндік бар. Бұл бағдарламаға тіпті шетелде тұратын қандастарымыз да өз видеоларын жолдады. Мәселен Монғолияның Баян-Өлке өңірінде тұратын ағайындар «Елден хабарға» жіберген, әуесқойлар түсірген видеолары көрсетілді. Бұл жерде бір ескеретін мәселе видеолардың сапасы жайлы ештеңе айта алмаймыз. Себебі азаматтар қолында бар құралымен түсірген видеосын жолдауға ғана мүмкіндігі бар. Сондықтан тым сапасыз немесе көруге ыңғайсыз болмаса телеарна қызметкерлері түсіністікпен қарап отырған сыңайлы. Мұндай қадамдар біздің елімізде батыс елдеріндегі әріптестерінен кеште болса қолға алынып жатыр. «Блогерлер» сияқты шығарылымдар азаматтардың қоғамдық мәселеге байланысты көзқарасы мен ой-толғанысын білдіреді. Жалпы қоғамдық пікірдің туындауына, неге мән беру керектігіне түрткі болады. Ал «Елден хабар» сияқты бағдарламалар жергілікті жердің өзекті мәселесін, қандай да бір болған оқиға немесе қуанышты хабарлар жайлы жалпақ жұртқа жеткізуге тамаша мүмкіндік. Бұл хабарға кейбір ел ішіндегі өнерпаздардың ән, күйден жасалған видео жолдаулары да қабылданады. Ел ішіндегі өнерпаздардың танылуына,

кей жағдайда жоғалып бара жатқан қандай да бір өнердің қайта түлеуіне де көмегі тиюі мүмкін.

Жаңа медиа мен заманауи журналистиканың түп төркіні интернетке байланысты болғандықтан отандық сайттар мен порталдарда да азаматтық журналистиканың өзіндік орны бар. Елімізде азаматтық журналистиканың қалыптасуына алғаш болып жағдай жасағандардың бірі – Казконтент жүйесі. Осы ірі ресурсқа қарасты «BAQ.kz» порталында блог жүргізуге арналған арнайы бөлім болды. Онда кәсіби журналистерден бастап, әуесқой блогерге дейінгі біраз азамат өздерінің жеке блогын жүргізді. Блогтағы тақырыптар да алуан түрлі. Блогерлердің жеке парақтарындағы жазбаларға оқырмандар пікірлер жазды, материалды бөлісті, бір сөзбен айтқанда оқырман мен блогер тығыз байланыста еңбек етті.

Азаматтық журналистика отандық мерзімді баспасөзде де өзіндік орын алып отыр. Қазіргі газет-журналдардың көбісінің интернетте сайты бар. Ол жерде оқырмандардың кез-келген материалға пікір білдіруге, ұсыныс айтуға мүмкіндігі бар. Хаттармен жұмыс істеу сонау кеңес дәуірінен бері қарай жолға қойылған. Бірақ бір ескеретін мәселе бұл жерде редакциялық көзқарастың басым болатындығын жасыруға болмайды. 2010-2014 жылдары жарық көрген «Халық сөзі» республикалық газетінде «Халық мінбері» деп аталатын арнайы бет болды. Ол жерде көбінде оқырмандар арасынан келген өзекті мәселелерге қатысты материалдарды топтастырып жариялап тұрды. Ал отандық радиоларда қазір тыңдармандармен байланыс орнату жақсы жолға қойылған. Көптеген бағдарламалар тікелей эфирде шығады. Тікелей эфирге қосылған тыңдарман кез-келген мәселеге өзіндік пікірі мен көзқарасын білдіруге толық құқылы.

Жалпы алғанда азаматтық журналистика қазақстандық БАҚ-тың бір бөлшегі сияқты өмір сүріп жатыр. Бірақ ешкімде біздің елде азаматтық журналистика бар дегенге аса көп назар аударма қоймайды. Бір қызығы, дәл қазіргі қалыптасқан қоғам көзқарасы бойынша азаматтық журналистика, азаматтық қоғам деген атаулардың астарынан мемлекеттік жүйеге қарсы, оппозицияның лебін сезетіні өкінішті-ақ. Азаматтық журналистика – міндетті түрде атқарушы билікке қарсы жұмыс істейді деген үстірт көзқарас. Бұл – бар болғаны сіз бен біздің қоғамдағы мәселеге үн қосуымыз, оны БАҚ-тағы әр түрлі арналар арқылы қоғам талқысына салу. Әрі аудиторияның жаңа медианы игеріп, дәстүрлі журналистиканың толығы түсуіне қосылған үлесі деп пайымдауға болады. Әлбетте кез-келген азаматтан келген материал журналистика талабына толық жауап беруге міндетті емес. Әрі бұлай болу мүмкін де болмайды. Сондықтан дәстүрлі журналистика азаматтар ұсынған өнімнен өзіне қажетін алады және қоғамға ұсынады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Азаматтық журналистика. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://en.wikipedia.org>
2. Азаматтық журналистика. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://en.wikipedia.org>
3. Азаматтық журналистика. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://en.wikipedia.org>
4. Асхат Еркімбай. Жаңа медиа: монологтан диалогқа//Алматы: «Асыл кітап» баспасы. -2012, - 41 б.
5. Джанет Джонес, Ли Салтер. Сандық журналистика//Алматы. -2014, - 41 б.
6. Азаматтық журналистика дегеніміз не? [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://articlekz.com/kk/article/16500>